

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

№ 22 (49) Қаңтар, 2018 жыл



«Жүрген жанның артында ізі қалар, Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар»

М.ЖҰМАБАЕВ



КР Тәуелсіздігі мерейтойна орай
педагогтардың озық іс-тәжірибесін
тарату мақсатында ұйымдастырылған
**«МӘҢГІЛІК ЕЛДІН МӘРТЕБЕЛІ
МҰҒАЛІМІ»** жобасында ұстаздық
шеберлігін, шығармашылық ізденісін
жоғары дәрежеде танытқаны үшін
директордың оку ісі жөніндегі орынбасары
УАТАЕВА ГУЛНАР СҰЛТАНМҰРАТОВНА
құрмет грамотасымен және жобаның
арнайы медалімен марапатталды.
Гулнар Сұлтанмұратовнаны шын
жүректен құттықтаймыз!

Биылғы жыл гимназиямыздың
жылнамасында елеулі жетістіктерімен есте қалары
сөзсіз. Ел тәуелсіздігінің 26 жылдығы қарсаңында
гимназиямыздың басшылары үлкен марапаттарға
ие болды. Тәуелсіз Қазақстанның рухани және
әлеуметтік қадамы жолында қол жеткен табыстары
және оның ғулденуіне қосқан зор үлесі үшін
гимназиямыздың директоры,
БАЗЫЛ ЖАНГЕЛДІ САҒЫНТАЙ ҰЛЫ
Қазақстан Республикасының білім министрінің
КҮРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН марапатталды.
Абыройыңыз асқақтай берсін демекпіз!



ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘУЕТЕР ЖАЛҒЫЗ КИЕМ



Гимназиямдың ұлағатты үстазы,
Омарова Гүлнара Мендібаевна да
тәуелсіз Қазақстанның рухани және
әлеуметтік дамуы жолында қолжеткен
табыстары және оның гүлденуіне қосқан
зор үлесі үшін ҚР білім министрінің
құрмет грамотасымен марапатталды.
Еңбегіңіз елена берсін, Гүлнара
Мендібаевна!

Гимназиямда Тәуелсіздік күні қарсаңында «Елімнің бақытын тербеткен – Тәуелсіздік» атты мерекелік кеш өтті. Кешті үйымдастыруышы 8 «Ә», б «Ә» сыныптары мен жетекшілері Жакишева Ж.К., Әлімбетова А.Ж. әр нөмірге жауаптылықпен қарап, жогары деңгейдегі улken кештің себепшісі болды. Баршаңызды ұлы мерекеміз – Тәуелсіздік күнімен құттықтап, тәуелсіздігіміз тұзғырлы болсын деп тілейміз!



Елім менің

Айдын шалқар, күміс баулы бұлағы,
Шебі шүйгін жасыл-желек құрағы.
Мынғыраған малы жайлай жайлайған,
Сондай еді қазағымның тұрағы.

Еліміз де күннен-күнге құлпырды,
Көре алмай көршілер де тор құрды.
Содан болар Қайрат сынды батырды,
Абактыда талай гүлді солдырды.

Жұлдыздайын жарқ еткен ақындарды,
Алмас қылыш, айбынды батырларды.
Жер аударып, бастырып, бас көтертпей,
Естідік біздер талай атылғанды.

Осындаи қорлықпенен келген тендік,
Соңында шыдамменен біздер жендік.
Ерлердің есімдерін өшірмеуге,
Айбатымыз асқақтап біздер келдік!

Тәуелсіздік – мәңгілікке берілген енші емес, халықтың мамыражай кепілдігі. Тәуелсіздікті алу үшін қаншама қазақ батырлары көз жұмды. Олар бізді осы күнге жетсін деп тер төкті. Азаттық – еркіндік. Осы уақытты армандаған асылдардың қазір көнілі тыншыды. Өздері көрмеген тыныштықты, біз көріп отырмыз. Қазағым менің ерлеген, Намысын қолдан бермеген. Қаншама батыр жалмаған, Тойымсыз екен жер деген. Соларды мактан тұтатын, Саналы ұрпактың мен деген.

Тәуелсіздік жайлы жырлап, көнілге тиүге, жүректі тебірентуте, сезіндіруге болады. Бірак, майдандағы ардагерлер сезінген қындықты, апаларымыздың аяғынан өткен желтоқсанның сзынын сезіне алмаспсыз. Олармен тек мақтана аламыз, есімдерін өшірмеу үшін жанымызды салуды борышымыз санаймыз!

Абулхайр АДАМБАЕВ,
6 «Б» сынып окушысы.

Ділнаز АХАНОВА,
6 «Ә» сыныбы

**...САҒАН ЖЕТУ ҚИЫН БОЛСА
ҚАНИШАЛЫҚ,
САҚТАП ТҮРУ ҚИЫНЫРАК
ОДАНДА!**



«Еліннің ұлы болсан, еліне жаңын ашыса, азаматтық намысын болса, қазактың ұлт ретінде нығайып-көркею жолында жан терінді сыйып жүріп енбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!» - деп елбасы айтқандай, біздің мактан тұтарымыз, бүтініміз бен келешегіміз – ол біздің тәуелсіздігіміз. Өз отанымыз жайлы мактанып айтар тұсымыз көп, ал бұл елдің ертеңі біздің қолымызда. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі – халқымыздың бақыты. Жер бетінде қанша ұлт болса, соның барлығының арманы – тәуелсіз ел болу. Ал сол арманға біздер жеттік. Әрқашанда тәуелсіз еліміздің тағы нүрлі, үргағының еңсесі биік, көкірегі ояу, керегесі кен, терезесі тен болса екен деп армандаймын. Осы оңайлықпен келмеген женісіміздің қадірін білуге шақырамын!

 **Мерей МЫНБАЕВ,**
6 «Б» сынып оқушысы

«Мен қазақтын» деген әрбір жанның журегінде «Тәуелсіздік» сөзін естігенде толассыз сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезендерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың ансаған арманы болған осы тәуелсіздік еді. Біз бұл кезенді көрмесек те, қазактың өз еліне деген махаббатын ешқашан ұмыта алмаймыз. Қазактың киелі жері үшін жандарын қиған жастарды ұмыту мүмкін емес! Бірақ өмір бойы осыған қайғырып өтудің де қажеті жоқ деп ойлаймын. Тарихты қазбалай беру бізге не береді. Қазақ айтады: тірі адам тіршілігін жасау керек. Ең бастысы, біз жаңа мынжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып қадам бастық. Шүкір! Алла тағала бізге сондай ұланғайыр кен жерді нәсіп еткен екен. Енді сол жердің әр тасын, әрбір гүлін қорғауға біздер міндеттіміз!

 **Сабина ФАЙЗУЛЛАЕВА,**
7 «А» сынып оқушысы

Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа үмтүлған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 26 жыл. Осы жылдар ішінде қазақ елі етек-женін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес мемлекет болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы женістің жемісі. 1991 жылы ел тәуелсіздігін алған уақытта қазақ халқы ғана емес, барша түркі елі қуанды. Ендеше, бізді барша мемлекет қолдады деген сөз. Іргесі енді қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін көп енбектену керек болды. Ол енбек жасалды деп ойлаймын. Тәуелсіздік – ашы термен келген тәтті сый. Төгілген қанның, өлметеген жігердің отымен келген ұлы күн!

ЕЛІМ ЖАЙЛЫЖЫРЛАСАМ...

Тәуелсіз біз ел болдық,
Ел намысын сактайық,
Казақстанның байлығын,
Өзге елге саттайық,

Еліміздің батырларын,
Жаңырттайық, қолдайық,
Халқымыздың салт-дәстүрін,
Қарашиқтай қоргайық.
Мәнгілікке тату-тәтті,
Елдің бірі болайық,

Казагының жетістігін,
Зор мақтаныш тұтайдық,
Себебі біздің қазақ елі,
Мақтануға лайық!

Сактаған АҚНУР,
7 «А» сыныбы



Суретті салған ЗЕРЕ Алимбаева



Суретті салған Алибек ШАКЕНОВ,
5 «Ә» сынып оқушысы

Мен өзімнің ата-бабаларыма шексіз алғыс айтқым келеді. Олардың бізге жасаған жақсылығын қалай қайтарсақ екен?! Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жанын қиған асыл азаматтар мен аяулы әпкелеріміз қаншама. 17-18 жасқа да қарамай елі үшін отқа түскен аға-апаларымыз мәнгілік біздің жадымызда. Олардың жасаған ерліктері бізді ғана емес, әлемді таң қалдырган. Ләzzат, Сабира, Қайрат, Ербол сынды Желтоқсан құрбандарының ерлігінің өзі елдігіміздің ерен көрсеткіші. Мен қазіргі жастарға қарап отырып, яғни өзіме сынни көзben қарасам, олар жасаған қадамға бара алмас едім. Сыз кешіп, ызғарлы қарды жалаң аяғыммен баса алмас едім деп ойлаймын. Ендеше, біз, осы тәтті күндеріміз үшін, бақытты шақтарымыз үшін батыр бабаларымыз берілімдегі аналарымызға, аға-әпкелерімізге қарыздармыз.

7 «Ә» сынып оқушысы Айана ЕРЕКЕ



Суретті салған Айғаным СМАГУЛОВА,
7 «А» сынып оқушысы

Желтоқсанның тым ызғарлы желінде,
Ұлт қамы үшін барған еді ерлікке.
Талай қазақ жігіттері қан тәкті,
Тәуелсіздік аларына сендік пе?!

Тәуелсіздік – ол біздің елдігіміз,
Егемендік – ол біздің тенденгіміз.
Қайрат пен Ербол сынды батырларға,
Үрпақтың атынан алғыс шексіз!

Алға ТУСУПБЕКОВА,
6 «А» сынып оқушысы

Күттү болсын тәуелсіз мерекеміз,
Арта берсін мызғымас берекеміз.

Күш-жігер өн бойында сарқылмаған,
Бойымызда намыс бар жарқылдаған.

Желтоқсанның сол кездегі ызғары,
Соны ойласам ет-жүрегім мұздады.

Кеңілімнің келмейді бұрауы шын,
Коркынышпен уланып тұр-ау ішім.

Әрбір істі зердеге алып қарайық,
Екі көзге жас келіп тұр халайық.
Тәуелсіздік жолында жанын қиған,
Ерлерімізді есімізге алайық!



Анвар ТАЛҒАТҰЛЫ,
5 «Б» сынып оқушысы

ҚАНАТҚА ҚАЙРАТ, ҰМТЫЛЫСҚА ҰШҚЫН



2017-2018 оқу жылында М. Жұмабаев атындағы №39 гимназияда 15 жалпы білім беретін пәндерден Республикалық олимпиадасының I кезеңіне (мектепшілік) гимназия бойынша 457 окушы қатысты.

Ал 2016-2017 оқу жылында 398 окушы қатысқан болатын. Білім олимпиадасын өткізу дің мақсаты - гимназия окушыларының жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындығын жақсарту мен барлық бағыттарға олимпиадаға қатысушылардың резервін қалыптастыру. Міндеттері: окушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, ғылыми көзқарасын, танымын кеңайту, шыгармашылық қабілеттерін, ғылыми ізденісін дамыту, окушы бейіні мен қабілеттің анықтау, интеллектін дамыту, білімді жасты дарапау, ынталандыру, қабілетті, дарынды окушыларды айқындан іріктеу және қолдау көрсету, мектеп окушыларының ғылыми жұмысқа деген қызығушылығын ояту, үлттық білімді дамыту, дарынды жастардың өз қабілеттерін жүзеге асыруына көмектесу болып табылады.

15 жалты білім беретін пәндерден Республикалық олимпиаданың II кезеңінің (қалалық) олимпиадасына 8-11 сыныптар аралығында 15 пәннен 2016-2017 оқу жылында 36 окушы, 2017-2018 оқу жылында 40 окушы жолдама алды. Алғашқы оқу жылында 9 окушы жеңімпаз атанып, Хасенова Мадина облыстық кезеңде бақ сынап, жүлделі екінші орынга ие болды. Гимназиямыз 2015-2016 оқу жылында «2016 жылғы ең уздік олимпиадалық команда» атагына ие болған болатын. 2017-2018 оқу жылында 16 окушы жеңімпаз атанды. Биылғы оқу жылында бастауыш сынып окушылары арасында да олимпиаданың қалалық кезеңі үйымдастырылып, екі окушымыз жүлделі орыннан көрінді. Сапарғали Ердан 3 «в» сынып окушысы 3-ші орын алса, Жанысбай Ақнұр 4 «ә» сынып окушысы 2-ші орын иеленді.

Бұл гимназия тарихындағы жоғары жетістік болып саналады. 5-б қаңтар аратығында Республикалық олимпиаданың III кезеңіне (облыстық) 5 окушымыз жолдама алды, бұл кезеңді жоғары нәтижемен аяқтады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәннен 11 «ә» сынып окушысы Тлеуова Жаннур, орыс тілі мен әдебиеті пәннен Тулеуова Айнұр 10 «а» сынып окушысы мен Аңсаям Назерке 11 «б» сынып окушысы, Қазақстан тарихы пәннен Имангельдыева Гомирис 11 «а» сынып окушылары жүлделі 3-ші орынды иеленсе, география пәннен Бажибаев Азат 2-ші орын алды. Окушыларымыздың жоғары нәтиже көрсетуінде гимназия үстаздары Омирбаева Д.М., Кусаинова Н.Ж., Ақбаева Б.К., Зекенова Б.Ы., Хасенова Б.О. еңбегі мол. Алдағы оқу жылында осы құрамды сақтап және әрі қарай биылғы оқу жылынан да жоғары нәтиже көрсетуді жоспарлаудамыз. Ол мақсатта гимназиямызда кәсіптік мектеп жұмысы үйымдастырылып, оған білікті де білімді үстаздар топтастырылып, арнайы жоспары жасалып, кестесі құрылып, оған гимназиямыздың олимпиадалық командасымен дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жүлделі орын алған окушыларымыз әрдайым биік шыңдардан көрініп, гимназияның абырайын асқақтата берсін деген тілектемін!





Тілім деп тебіреніп ой қозғасам...



Қазақ қоғамы 70 жыл бойы орыстардың қол астында болып, тілімізден айырылып қала жаздадық. Біздің тіліміз халықаралық тіл болмаса да, өте бай тіл. Габит Мұсірепов айтқандай «Қазақ тілі бай тіл, теңеу-бейнелеулері ерте туған тіл». Бодан болған уақытында қазақ елі салт-дәстүрінен, ұстанымынан, тілінен, тіпті діні мен ділінен алысады. Алаш арыстары болмаса тіпті, қол үзіп те қалар ма едік?! Мен үшін «Алашордашылтар», Алаш арыстары – нағыз батырлар. Олар қазақ мектептерінің ашылуын сұрап, қазақ қоғамының басындағы рухани құлдырауды тоқтатуға бірден-бір еңбек сінірді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасын құрып, бізді сауатсыздықтан арашалап қалды. Бүгініме шүкір деймін, себебі қазір орыстардың өзі қазақ тілін үйреніп келеді. Біздің ана тіліміз халықаралық тіл болар ма екен деген арманым да жоқ емес. Тіліміздің ертеңін дамытатын, байрағын биіктететін біздер, жас жеткіншектер деп білемін!

Нұрдәulet АЙТУҒАН, 8«Б» сынып оқушысы

ТЛ – ШКІР ҚҰРАЛЫ

Адам бір қоғамда өмір сүреді. Адамның өз өмірін жүзеге асыратын құрал ол – тіл. Қоғам мүшелері өз пікірін тіл арқылы жеткізеді. Тіл – ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы. Адам өмірінде тісіз өмір сурға мүмкін емес. Өйткені, адам күнделікті өмірде тіл арқылы сөйлеседі, ойын жеткізеді. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі де мүмкін болмайды. Әрінің замандарда да адамдар тіл арқылы сөйлескен. Әр мемлекетте өздерінің тілдері қажет болған. Ал біздің тіліміз ол – қазақ тілі. Еркіндікке ұмтылған кай ел, қай халық та өз дауысымен сейлеуді, өз үнімен жар салуды армандаиды. Мемлекеттік тіл деп жариялағаннан кейін, тілімізді ел азаматтарының барлығы міндетті турде бітуі тиіс. Қай жұмысқа тұрсақ та барлық салада мемлекеттік тіл қолданылады. Адам өзі рухани дамыса, ол мемлекеттік тілі арқылы жасалады. Тіліміз өшпеу үшін, дамуы үшін ол мемлекеттің қамқорлығында болуы тиіс деп ойлаймын.

Әлия ДАРИГУЛОВА,
9 «А» сынып оқушысы



ТЛ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ

Қазақ тілі – менің мақтанышым. Тіл әрбір адам үшін, әрбір ел үшін құдіретті. Тіл – тіршіліктің бастауы. Ол – атадан балаға мирас болып отырған құнсыз қазына. Бала алғаш тілді анасының айтқан бесік жырынан, айналадағы адамдардың оған тіл қатқанынан біледі. Қазір өзімді нағыз казактың деп отырсам да, мен кішкентай кезімде ана тілін мұлдем білмеген едім. Соған қарамастан, әжем мені әдейі қазақ мектебіне жіберді. Басында маған өте қын болған еді. Өз тілім мен үшін жаңа тіл сияқты, қазақша сөйлейтін адамдар маған басқа адамдар сияқты көрінетін. Бірақ өзім ерік-жігерімнің арқасында қазір тілді жақсы менгеріп алдым. Біздің тіліміз сондай бай, өте жағымды, даланың қоныр самалындағы еспі тұрады.

Қазақ тілінің қасиеті қазақ домбырасының үнімен үндесіп жатқандай баяу, жанға жағымды. Қазір жастарымыз орыс тілінде сөйлегенді жақсы көреді. Тіл құнары сүйила түскен сияқты. Ендеше, атадан калған мұрамызы – тіліміздің тағдыры біздің қолымызда. Өлтірмей, өміршен ету жолында аянбауымыз керек деймін!

Диана ҚҰРМАНАЛИНА,
9 «Ә» сынып оқушысы

Жаңа жыл - жаңа мақсаттардың, жаңа жоспарлардың бастауы.

Биылғы ит жылынан оқушыларымыз не күтеді екен, жалпы жаңа жылды қалай қарсы алады, бұл мерекенің олардың өміріндегі орны қандай екен деген сауалымызга оқушылар өз жауаптарын беріп кетті.

Мен үшін Жаңа жыл ғажайыпқа толы сикырлы мереке. Кеткен жыл өкінішін өзімен ала кетіп, Жаңа жыл жақсы жаналығымен келеді деген сенім, бұл мерекені ғажайыпқа толтырып түрған сияқты. Менін ойымша, Жаңа жыл - ұлт тандамайтын мереке. Өзім үшін ол көбіне бақыт әкелетіндей бол көрінеді. Біз отбасымызben Жаңа жылды дастархан басында, өз ортамызда қарсы аламыз. Тура 12.00-ні күтүте кейде шыдамымыз, онымызға өкінбейміз де. Тек күнтізбенің жана парагы, Жаңа жылдан күтеріміз көп, барша адам бақытты болса екен!

Аделя ЖАКИШЕВА, 5 «Ә» сынып оқушысы

Жаңа жыл – мен үшін манызы зор мереке. Кішкентай кезімнен бастап осы мерекені асыға күтемін. Әр жаңа жыл түнінде ғажайыпқа сеніп, түнде маған Аяз ата шынымен сыйлық қалдырып кетеді деп сенетінмін. Әпкем екеуміз қар жауған күннен бастап, Аяз атага хат жазатынбыз. Анамыз ол хатты Аяз атага апарып беремін деп алдайтын еді. Өтірік те болса осы сенім менің бала журегіме соншалық куаныш сыйлайтын еді. Біз үшін Жаңа жыл – отбасылық мереке. Әр куніміз жаналықтар мен жақсылықтарға толы болса екен!

Айша ЗЕЙНОЛЛА, 5 «Ә» сынып оқушысы

Елбасының сезін күтетін күн сияқты маған – Жаңа жыл. Себебі біз, отбасымызben осы күні дастархан басына жиандып, елбасының тілегін естігеннен кейін үйкіға жатамыз. Бұрындары менің нағашыларым Жаңа жыл күні бәс тігіп ойнайтын еді. Кім бәсте женілсе, сол Аяз ата болып киініп, үй-шін думан қылатын. Ертеңіне шыршаның манынан әркім өз сыйлығын алып, мәз-мейрам болатын. Есейгеніміз ба, бара-бара бұл дәстуріміз қалып барады. Жалпы Жаңа жыл – отбасылық мереке. Бұл күннен кез келген адам жақсылық күтеді. Еліміз аман, жұрттымыз тыныш болғай!

**Фатима САМАТҚЫЗЫ,
7 «Ә» сынып оқушысы**

Менін отбасымның өзіндік ерекшелігі бар. Сол ерекшелігіне сай біздің үйдің тойлайтын мерекелері де болек. Жаңа жыл мерекесі біз үшін тек қана күнтізбенің жаңа парагының ашылғаны сияқты. Сондай қатты мән беріп, от шашу шашып әбігерге түсеміз дей алмаймын. Сыйлық сыйлау міндетті турде болады. Әкеміз бізді Жаңа жыл қарсаныңда қыдыртып, қалағанымызды алып береді. Тек сағат 12.00-ні күтіп, Қыдыр атанды күткендей телміріп отырмаймыз. Бала кезіміздегідей бір ғажайыпқа да сенбейміз. Жаратқаннан Жаңа жылда тек жақсылықтар тілеймін. Еліміздің еңсесі биік, байрағы тұтырлы болсын!

**Айгерім ТІЛЕШҚЫЗЫ,
7 «Ә» сынып оқушысы**

**Қағып тұр Жаңа жыл кеп есігіңді,
Болмайды той-думанның кеші мұңды.
Жаратқан түгел қылтып берсін дейміз,
Бақыт пен ырысыңды, несібіңді!**



ЖАС ӨРКЕН – ЖАС КАЛАМ



Төлеу Айша
2 «A» сынып

Менің сүйкіті ұстазым



Мен Магжан Жұмабаев атындағы №39 гимназиясының 2 «A» сыныбында оқымын. Біздің ұстазымыз – Нуржигитова Айман Мұхсиновна. Ұстазымыз өскелең үрпаққа білім берумен ұзақ жылдардан бері үзбей айналысып келеді, жаңартылған бағдарлама бойынша бізге білім береді, тәртіпті оқушы болуга тәрбиелейді. Сыныбымызда осы бағдарлама бойынша жаратылыстану пәнінен «Су. Ол қандай екен? Судың түрлі күйі» тақырыбында ашық сабак өтті. Бізге сабак өте қатты ұнады, судың маңыздылығын, «су – тіршілік көзі» екендігін терең тусіндік, судың түрлі күйі болатындығына тәжірибе жұмыстарын жасап, видео көрдік.

Әсіресе, маган сабакты бағалау баспаңдағы өте қызықты болды, өте жақсы тілектер жазылған медальондарды иелендік. Менің ойынша сынның тастаным сабакқа өте белсенді қатысты.

Сонымен қатар 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне 26 жыл толуына байланысты «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты тәрбие сабакты өтті. Мен Қазақстанда тұрамын. Мен Қазақстанда білім алғып жатырмын. Мен еліммен мақтанамын. Елімнің гүлдене бергенін қалаймын. Отанымызды, елімізді суюге, бізді тәрбиелі, ұқыпты оқушы болуга, бір-бірімізге көмектесіп, сыйлауга үйреткен ұстазымызды сыйлаймын әрі жақсы көремін. Қашанда улғілі оқушы болуга тырысамын.


ҚАЗАҚ ЕЛІМ

Көк жузінде қалықтаған қыранмын,
Бейбітшілік пен татулық жыр әнім.
Самға менің қазақ елім – Қазақстан,
Шарықтай бер кең көлемде бұл әнім.
Әнұраны елімнің шақырады бірлікке,
Егеменді елімнің болашагы - бірлікте.



Асқар Имат

2 «A» сынып оқушысы



Нығметов Эділет

2 «A» сынып оқушысы

ЕЛ СҮЙГЕН, ЕЛІН СҮЙГЕН – ЕЛБАСЫ

Елімнің көшбасшысы

Тәуелсіз қазақ елім,
Жайнай бер гажсан елім.
Нұрсұлтан Назарбаев
Артамыз сізге сенім.

Елімнің көшбасшысы,

Біздерге ол сенеді.
Уәдені біз сақтаймыз,
Біз жастар құр жаттаймыз.
Үмітін еліміздің
Шынында біз ақтаймыз!

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУЫМ



ТӘУЕЛСІЗДІК – РУХЫ КУШТІ ҒАЖАП КҮН
АРТТА ҚАЛДЫ ХАЛҚЫМ ТАРТҚАН АЗАП КҮН.

26 ЖЫЛ ТОЛДЫ БУГІН СОЛ КҮНГЕ,
ШЫРҚАП АЙТАМ – ТӘУЕЛСІЗБІН, АЗАТПЫН.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АҒАЙЫН МЕРЕКЕМІЗ,
ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮГҮРІРЫНА ЖЕТКЕН КҮНІМІЗ.

ТЛЕЙМІН МЕН БАРША ЖАНҒА БЕРЕКЕ,
ОТБАСЫДА БОЛСЫН ШАТТЫҚ – МЕРЕКЕ.



Туганбай Жасмин

2 «А» сынып оқушысы



Серікбек Әмина

2 «А» сынып оқушысы


ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – ТІРЕГІМ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталаған өтеді. Бұл күні ұлттық, мемлекеттік деңгейдегі елеулі мереке болғандықтан 16-17 желтоқсан күндері күнтізбеде демалыс болып табылады.

Тәуелсіз мемлекетке айналу бізге үлкен серпіліс, күш береді. Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Сол бағытты үстәнди, болашаққа сеніммен қарайык!



Аликенова Мадір



Толсоу Айша



Толсоу Айша



Садыкова Амина



Оміргали Асанбек



Аскар Имат



Тәжібай Зере



Туганбай Жасмин



Серікбек Әмина



Сұлтанғалиева Жанель

ТӘУЕЛСІЗДІК
КҮНІНЕ ОРАЙ
ЖАСАҒАН 2 «А» СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ШЫГАРМАШЫЛЫҚ
ЖҰМЫСТАРЫ

РЕДАКТОРЛАР:

Мөлдір АЛЬЖАНОВА

Рауан БАСПАКОВА

Перизат ҚАБЫЛОВА

ДИЗАЙНЕР:

Мөлдір АЛЬЖАНОВА

АРНАЙЫ КОРРЕСПОНДЕНТТЕР:

Нұрдәulet АЙТУҒАН

Асыл АУКЕНОВА

Айым ЕРЖАН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Сабина ФАЙЗУЛЛАЕВА

Айгерім ТЛЕШҚЫЗЫ

Фатима САМАТҚЫЗЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

100000, ҚАРАГАНДЫ ҚАЛАСЫ,

СТЕПНОЙ-4 М/А, 33/2 үй.

М.ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ

№39 ГИМНАЗИЯ.

ТЕЛ: 32-68-42,

SCH39@KARGOO.KZ